

ISSN 1563-0223 • Индекс 75878; 25878



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

# BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

3(161) 2016

## СОДЕРЖАНИЕ – МАЗМУНЫ

### 1-бөлім    Раздел 1 Әдебиеттану    Литературоведение

<i>Azimova A.Y.</i> M.F. Akhundzadeh and it's woman images system .....	4
<i>Ахмедбек Н.Ә.</i> Жамбыл Жабасұтың шығармашылық мұрасы .....	10
<i>Батылова Б.К.</i> Особенности художественной реконструкции в историческом романе .....	16
<i>Бұдыбай А.С.</i> Особенность сказительского искусства казахского народа .....	22
<i>Гусейнова П.А.</i> Идеи независимости в сатирической художественной прозе Абдуррагим-Бека Ахвердиева .....	30
<i>Джаванова Ж.Б., Джолдасбекова Б.У.</i> Авторское сознание в поэме Пришвина «Черный араб» .....	36
<i>Кулиева А.</i> Значение писем в исследовании творчества писателя .....	42
<i>Салғандықов Н.Б., Есенқұлова А.</i> Қазақ фольклорындағы дастандық эпос жанры.....	48
<i>Сарбасов Б.С.</i> Түркі өскерткіштеріндегі ғажайып туу мотиві.....	52
<i>Саттенова Ж.Б., Бисегалиева Н.Қ.</i> Балаларға арналған поэзиялық шығармалар тілі.....	56
<i>Сейдімханова Т.Б.</i> Қазақ халқының ғашықтық жырлары .....	60
<i>Seitkazy E.S.</i> Images and symbols in prose of O. Vokreev .....	66
<i>Салтанова Е.М., Мұсазы Л.Ж., Айтмұхамбетова А.С.</i> Ежелгі және ортағасырлардағы әдеби мұрадағы ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясының көрініс табуы.....	72
<i>Тарақов Ә., Айтмұхамбетова А.С.</i> М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы адамгершілік онегелері.....	80
<i>Шаанова Г.Б.</i> Особенности образной структуры прозы Тимура Пулатова.....	86

### 2-бөлім    Раздел 2 Тіл білімі    Языкознание

<i>Абаева Ж.С.</i> Проявление гендерных стереотипов в рекламном тексте .....	92
<i>Азиевбек Г., Нуржаева А.</i> Қытай тілі лексикасындағы белсенді кірме сөздер .....	98
<i>Bektasheva V.N., Zhaitikbayeva A.A.</i> Lingua Cultural Aspects of Language.....	102
<i>Досанова А.М., Мадиева Д.Б., Шакинова В.Б.</i> Интеграция ұғымы және тілдік бейімделу .....	108
<i>Ибраев Г.У., Айтпаева А.С., Рахметова А.Т.</i> Лингвистические особенности арготической лексики в частной переписке в пенитенциарных учреждениях.....	116
<i>Итжанова Н.Б.</i> Глаголы с семантикой агрессии в СМИ России и Казахстана.....	122

### ТҮРКІ ЕСКЕРКІШТЕРІНДЕГІ ҒАЖАЙЫП ТУУ МОТИВИ

Адамзат дамуының қай кезеңі болмасын, мәдениет атаулы өзіндік өрнегімен қайталанбас төлтумалығымен ерекшеленеді. Халықтың ертеңгі болашаққа деген ұмтылысы, даналық ой-тұжырымдары, қоршаған дүниеге көзқарасы әртүрлі формада көрініс табуы орынды.

Фольклорлық шығармалардың таралу аясы тек жеке халықтың территориясымен шектеліп қоймай, көршілес шет елдерге ауысып отырған. Қазақ халқының эпикалық мұраларындағы ғажайып тууға байланысты эпизодтардың көпшілігі берісі түркі, арысы әлем халықтары фольклорлық туындыларында да кездеседі. Бұл ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің ілгері басу процесіне белсене араласуының, дүниежүзілік мәдениеттің өркен жаюына өзіндік қомақты үлес қосқанының нәтижесінде болып отыр. Сонымен қатар әлем фольклорындағы тығыз қарым-қатынастардың айқын айғағы.

Қырғыз халқының атақты «Манас» эпосының бір нұсқасында батырдың шешесі түсінде жаратушы иесінің қолынан алма жеп, Манасқа жүкті болады. Ә. Марғұлан: «Бұл дала эпосында өте сирек кездесетін бейне. Тегінде алмаға жеріту – Манас шыққан ортаның жемісі көп оңтүстік алқаптар – Талас, Ферғана, Қашқармен тығыз байланысты болғанын белгілеп, оның Қарахан дәуіріндегі мәдени тұрмысты еске түсіретіндігін көрсетеді» [1, 82], – деп тұжырымдайды. Негізінен сиқырлы алма жеу мотиві бүкіл дүниежүзі халықтарының фольклорында кейіпкердің ерекше жағдайда тууына орай пайдаланылады.

«Манас» жырында бас қаһарманның Манастың дүниеге келуіне қатысты оқиғаларынан бастап, соңғы сәтіне дейінгі өмірі суреттеледі. Оның ішінде кейіпкердің жорықтарын кенінен суреттеуге зор мән беріледі. Әрине, эпостағы мұндай күрделі сюжеттік құрылымның аз ғана уақыт ішінде құрыла қалмағаны анық. «Манас» эпопеясы ұзақ даму процесінің нәтижесінде осындай көлемді жырға айналған. Ол іштей эпос қаһармандарының өмірбаянына тән дәстүрлі мотивтермен толықтырылып, кеңейтіліп отырған. Сол мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы.

Ғалымдар Манастың жалпы эпикалық өмірбаянын бірнеше негізгі эпизодтарға бөліп қарастырады. Оның ішінде бас кейіпкердің жеке басына қатысты өмірбаяндық мотивтер тобында қаһарманның ғажайып туу эпизодтары да бар.

санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған [5, 207-208].

Қазақ аңыздарында бұл мотив Шыңғыс ханның дүниеге келуімен байланысты айтылады. Қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Есім ханның атасы Шыңғыс ханның күннің нұрынан дүниеге келгенін әңгімелеуден басталады. Ал, біз қарастырып отырған «Оғыз-намеде» да Оғыз қағанның анасы Ай қаған күн нұрынан жүкті болады. Бұл мотив екі туындыда ұқсас сарында баяндалады [3]. Осы аңыздың қазақ, монғол арасында тараған нұсқаларын салыстырып зерттеген ғалымдардың ой-пікірлері бір арнаға саяды. Олар кейіпкердің күн нұрынан туу мотиві түркі тектес және монғол халықтарының фольклорына тән сарын екендігін дәлелдеп көрсетеді. Қазақ фольклорындағы ғажайып туу мотивінің көне үлгілерін Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның дүниеге келуі жайындағы шежірелерден кездестіруге болады.

Бұл мотив халқымыздың ежелгі таным-түсінігінің негізінде қалыптасқан түркі, монғол тайпаларының таралуы туралы шежірелерде және жыр аңыздарда, соның ішінде Оғыз ханның, Қорқыттың, Шыңғыс ханның, Манас жөніндегі шығармаларда ұшырасады. Осы қаһармандар туралы шығармалардың нұсқаларын Әбілғазының, Қадырғали Жалайырдың шежірелерінен, Г.Н. Потанин жинақтарынан кездестірсек, оларды зерттеуге Б. Кенжебаев, Ә. Қоныратбаев, Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов т.б. ғалымдар зор үлес қосты.

Оғыз, Қорқыт туралы аңыздарда немесе ру тайпалардың шығу тегі туралы шежірелерде қаһармандардың ерекше жаратылуына үлкен мән беріледі. Бұл жерде ол алғашқы ру-тайпаларды жаратушы ілкі бабалардың, атышулы әулие-пе-

рілердің, жасампаз қаһармандардың ғажайып тууын баяндайтын мифтер циклін құрайды. Әрбір халық өздері табынатын объектілерді уағыздау мақсатында осындай мазмұндағы аңыздарды таратқан. Оның халыққа әсерлі болуы үшін қаһармандарды ерекше жаратылысын суреттеу тәсілі қолданылады.

Батырлар жырында қаһарманның ерекше бітімі, күдіреттілігі аңыз кейіпкеріне қарағанда басқаша түсіндіріледі. Қаһарман тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебейінінің нәтижесінде туылған болады. Батырлар жырында ғажайып туу мотивтері кейіпкердің кереметтігін дәріптейтін көркем тәсілге айналған. Кейінірек бұл мотив батырлардың, ру-тайпа көсемдерінің ерекше жаратылысын бейнелеуге, яғни, басқа қарапайым адамдардан дәрежесін көтеру мақсатына қызмет еткен.

Мәселен, жоғарыда сөз болған Оғыз қаған, Шыңғыс хан, Қорқыт т.б. кейіпкерлердің барлығы да түркілердің мифологиялық дүниетанымына сәйкес суреттеледі. Осы келтірілген материалдардың зерттелу нәтижесіне қарап, ғажайып туу мотивтері дами келе эпикалық туындылардың экспозициясын құрайтын негізгі бөлшектердің қызметін атқарғандығын көреміз. Мұндай мотивтің ертедегі алғашқы адамдардың пайда болуы туралы антропологиялық мифтерге негіз болып, өз алдына дербес жанр ретінде таралғандығын фольклортанушы ғалымдар анықтаған.

Жалпы, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбінде күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады. Ол – тек түркі халықтарында ғана айтылмайды, көптеген халықтарға тән құбылыс. Текті нұрдан жаратылған етіп көрсету ежелдегі адамдар үшін өте маңызды болған.

#### Әдебиеттер

- 1 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б. – Б. 82.
- 2 Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б. – Б. 252.
- 3 Омірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 448 б. – Б. 30.
- 4 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Л., 1940. – 646 с. – С. 538-539.
- 5 Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 325 с. – С. 207-208.

#### References

- 1 Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b. – B. 82.
- 2 Qasqabasov S. Zhanazyk. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b. – B. 252.
- 3 Omiraliev Q. «Ogyz qagan» eposynyn tili. – Almaty: Gylm, 1988. – 448 b. – B. 30.
- 4 Veselovskii A.N. Istoricheskaya poetika. – L., 1940. – 646 s. – S. 538-539.
- 5 Propp V.Ya. Fol'klor i deistvitelnost'. – M.: Nauka, 1976. – 325 s. – S. 207-208.